"Bal Ayim" бөбекжай-бақшасы

# «Алғыс саған – Алтын күз!»

Тобы: "Балжан" кіші тобы
Топ тәрбиешілері: Жанзахова Г.
Нағметуллаева З.

2024 – 2025 оқу жылы

**Алғыс саған - Алтын Күз!**

Балалардың күз мезгілі туралы алған білімдерін тиянақтау, күз ерекшеліктерін, күз сыйын ұғындыра отырып, балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау.

**Көрнекіліктер:** Залдың іші күз мерекесіне сай безендірілген. Мысалы: шиырма - құстың, ағаштың, жапырақтың суреттері, күз жәрмеңкесі, яғни - жемістер мен көкөністер салынған себеттер.

**Жүргізуші:**

Қуандырып біздерді,

Мерекелі күз келді.

Кел жемісті алтын күз

Кемелденсін халқымыз.

Құрметті ата-аналар, балалар, тәрбиешілер **«Алғыс саған- Алтын күз!»** атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

**Жүргізуші:** Шоғы толған гүлдей жайнап,

Шақырады жарқын жүз.

Сайрандаған күліп-ойнап,

Келді міне алтын күз.

**I) Қызықтыру сәті:** залға **«Күз ханшайымы»** кіреді.

**Күз ханшайымы:** Сәлеметсіңдер ме балалар!

- Мені таныдыңдар ма?

- Не тойлап жатсыңдар?

- Күз туралы және он ың ерекшеліктері туралы кім біледі?

***Балалардың жауабы:*** Күзде табиғат ерекше күйге енеді. Жапырақтар сары, қызыл болса, алқаптағы шөптер қоңыр, сарғыш түске боялады, құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Күн біртіндеп қысқарады, жауын –шашын көбейіп, күн суытады. Күзде жеміс-жидектер, көкөністер, бақша дақылдары, егістіктегі астық пісіп, қамбаларға жиналады. Күз мезгілінде 3 ай бар, олар: қыркүйек, қазан, қараша.Күз - жылдың берекелі мезгілі.

**Күз ханшайымы:** - Ой жарайсыңдар балалар

***Қыздар биі «Қолшатыр»***

**-Күз Ханшайымы: Жарайсыңдар**, балалар, недеген тамаша. Балалар, ойын ойнауға қалай қарайсыңдар.

**Айбибі:**

Алқаптан бидайды,

Қоймаға ел жинайды.

Тырнасы тізілген,

Ұнатамын Күзді мен.

**Малика:**

Жапырақ ұшты,

Суықта түсті,

Сондада бізге

Қызық көп күзде.

**Жүргізуші:** Күз ханшайымыбіздің балаларымыздың өнерлері бұнымен шектелмек емес. Балаларымыз өте талантты, қане төрлетіңіз, біздің өнерімізді тамашалаңыз.

**Жүргізуші:**Жатыр дала жалтылдап,

Жаз шуағы мол құйды.

Күн астында алтын дән

Тербеледі толқиды

**YI) Көкөністер (Ұл балалар) биі**

**Күз ханшайымы:** Ой балалар менің көңіл-күйімді көтергендеріне сендерге көп-көп рахмет. Өнерлерің үстем болсын өте талантты балалар екенсіңдер, келесі күз келгенше білімдеріңді де өнерлеріңді де өрістете беріңдер.

- **«Күз ханшайымы»** балаларға рахметін айтып қоштасады. Ал мен сендермен қош айтысамын, сау болыңдар. (Күз ханшайымы залдан шығып кетеді)

**ХОР: Күз тамаша**

**Жүргізуші:**

Берекелі бақ дәулет,

Арта түссін тойланып.

Сау болыңдар балалар,

Келгенше жыл айналып.

Демекші міне балалар күзде аяқталып қалды, енді қылышын сүйретіп қыс келмекші. Күзге айтарымыз берер сыйың жылдан-жылға көп болсын елде тыныштық болсын дейміз. Осымен **«Алғыс саған - Алтын Күз!»** атты ертеңгілігіміз аяқталды көңіл қойып тыңдағандарыңызға рахмет.



